



## „ЕО - көк картасы“ – Германияға кіру үшін“

### Негізгі ақпарат

- Сіз барлық ақпараттық парақтар мен бланкілерді визалық кеңселерден немесе шетелдік дипломатиялық миссияларының сайттарынан тегің ала аласыз.
- Сондай-ақ, «Ұлттық визаны рәсімдеу туралы жалпы ақпарат» ескертпеге назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің веб-сайтынан алуға болады](#)
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік төлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- Өкілдік басқа құжаттарды талап етуге құқылы.
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

### Жалпы ақпарат

ЕО Көк картасымен жоғары білімі бар шетелдік азаматтар Германияда біліктіліктеріне сәйкес жұмыс істей алады. ЕО Көк картасы қалаған жұмыс кемінде бір жылға созылатын жағдайда ғана беріледі.

Егер Сіздің жылдық брутто жалақыңыз 56,400 еуроны құрайтын болса, Сіз Еуроодақтың көк картасына ие бола аласыз. Кейбір мамандықтар үшін (дәрігерлер, инженерия, жаратылыстану, математика және IT саласындағы маман) жылдық брутто жалақысы 43,992 еуро көлемде жеткілікті.

ЕО Көк картасы туралы жалпы ақпаратты [Федералды көші-қоң және босқындар кеңсесінің веб-сайтынан](#) және [мамандарға арналған порталынан](#) таба аласыз.

Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

### Виза өтініштерін бақылау тізімі

Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.

- Ұлттық виза алу үшін неміс немесе ағылшын тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған 2 дана өтініш.
- 2 дана «Тұрақты тұру туралы» заңының 54-ші § сәйкес түсініктеме.
- 3 **биометриялық** төлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ [Фотосуреттің үлгісі](#))
- Иесінің қолы қойылған** қолданыстағы **шетелдік төлқұжаты** + **толық мәліметтері көрсетілген парағының екі көшірмесі**. Шетелдік төлқұжаттың жарамдылығы сұралған визаның уақыт өткеннен кейін де кем дегенде 3 айлық күші болуы керек және кем дегенде екі бос беті болуы міндет.
- Сіздің жұмыс берушіңізбен толтырылған және қол қойылған бланкісі: [„Еңбек қатынастары туралы мәлімдеме“](#) екі дана.



<input type="checkbox"/> Сіздің жоғарғы білім алғаны туралы растайтын құжат: <b>куәлік пен бағалар тізімі түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</b>
<input type="checkbox"/> <a href="#">anabin дерекқорынан</a> алынған Сіздің университетіңіздің және Сіздің дипломыңыздың танылған туралы көшірме <u>екі данада</u> <b>HEMЕСЕ</b> <a href="#">ZAB ұйымының білім туралы құжаттың бағалау</a> (Шетелде білім беру жөніндегі орталық мекеме) дипломның бағалау рәсімін келесі жағдайларда өткізу керек
<input type="checkbox"/> Сіздің дипломыңыз <a href="#">anabin дерекқорында</a> «шартты түрде салыстырмалы» деп жіктеледі.
<input type="checkbox"/> Сіздің университетіңіз <a href="#">anabin дерекқорында</a> «Н-» деп жіктеледі.
<input type="checkbox"/> Сіздің дипломыңыз және / немесе Сіздің университетіңіз <a href="#">anabin дерекқорында</a> тізімделмеген.
<input type="checkbox"/> Егер Сіз регламенттелген мамандық бойынша жұмысқа орналасқыңыз келсе (мысалы, дәрігер, дәріхана қызметкері, мұғалім): жұмыс істеу үшін берілген рұқсаттың немесе жұмыс істеу үшін берілген кепілдіктің <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u>  Кейде регламенттелген мамандықтар бойынша жұмыс істеу үшін неміс тілінің деңгейі В1 деңгейінен төмен болмауы керек екендігіне назар аударыңыз. Регламенттелген кәсіптер туралы ақпаратты „ <a href="#">Германияда тану жөніндегі рәсімі</a> “ веб-сайтынан (көптілдік) және Федералды жұмыс агенттігі сайтынан „ <a href="#">BERUFENET</a> “ (тек неміс тілінде) таба аласыз.  Егер Сізде кәсіппен айналысуға үшін рұқсат болған жағдайда, дипломды бағалауға қажет емес.
<input type="checkbox"/> <u>2 дана</u> білімі және жұмыс тәжірибесі туралы мәліметі бар кесте түрінде жасалған өмірбаян
<input type="checkbox"/> Егерде бар болса: неміс тілін білу туралы растайтын құжаттың <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі</u>
<input type="checkbox"/> Егерде бар болса: Еңбек федералды агенттігімен жұмыс істеу үшін берілген рұқсат. Неміс жұмыс берушілердің еңбек шартымен бірге Германияның Федералды еңбек агенттігіне рұқсат алу үшін қажетті құжаттарды алдын ала тапсыруға мүмкіншіліктері бар. Егер осы рұқсат виза алу үшін өтініш пен бірге тапсырылған болса, онда виза бөлімінде өңдеу уақыты біраз қысқаруы мүмкін.
<b>Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ өтініш берушілерге:</b>
<input type="checkbox"/> Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтиярхат/тіркеуі, <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі</u>